

Бекітемін: *Ақсар*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«ДЕНСАУЛЫҚТЫ ШЫҢДАЙМЫЗ, АТА-АНАНЫ ТЫҢДАЙМЫЗ!»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған музыкалық-спорттық шара)



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова К*
Сатыбалдиева Б

Таушық ауылы, 14.11.2025 жыл

Тақырыбы: «Денсаулықты шындаймыз, ата-ананы тыңдаймыз»

(музыкалық-спорттық іс-шара)

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шындап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. Спорттық ойындар арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме! Құрметті ата-аналар мен балалар және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгінгі «Денсаулықты шындаймыз, ата-ананы тыңдаймыз» атты музыкалық-спорттық ойынға қош келдіңіздер! Міне, бүгінгі ересектер «Ер Төстік» тобының аналарымен бірге қатысуымен өткелі отырған «Денсаулықты шындаймыз, ата-ананы тыңдаймыз» атты музыкалық-спорттық іс -шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер. (Өуенмен қатысушылар залға бірінің артынан бірі жүріп келеді.)

Жүргізуші:

Ұстанған салауатты өмір салтын.

Жасқанып, ешқашанда мойымайтын.

Болашақ спортшылар келді ортаға,

Қол соғып қарсы алайық жарқын – жарқын, – деп ортаға сайыскерлерімізді шақырамыз.

Күндей нұрлы шуағымыз,

Бірлікпенен қуаттымыз.

Ана мен қыз қол ұстасып,

Жеңіс үшін жарысамыз- деп ортаға «**Күншуақ**» тобын қарсы аламыз.

Айдай жарқырап шығамыз,

Бәрінен биік тұрамыз!

Ана мен ұл тізе қосып,

Жеңіс үшін жүгіріп барамыз,- деп келесі топ «**Айжарық**» тобын қарсы аламыз.

Жұлдыз болып жанамыз,

Бәрінен де оза аламыз.

Апалы,сіңлі –біз біргеміз,

Жеңіске бірге жетеміз!- деп келесі топ «**Жұлдыз**» тобын қарсы аламыз.

Ендеше, әділқазыларымыз бүгінгі сайыс ережелерімен танысып, бағалап қорытынды нәтижелерімен бөлісіп отыратын болады.

1 .Топ ұрандарымен таныстыру.

Өнер қуып жас өрендер өтер дейміз,
Бір басына өнері жетер дейміз.
Сайысқа келген топтар кезектесіп
Таныстырып өздерін өтсе дейміз.
Ал енді таныстыру кезеңін бастайық. (топтың атауы, эмблемасы, ұраны)

2 . «Әнұран орындау

3 .«Көңілді әуен, сергек дене»

Шарты: Әр топ жаттығу жасап, әуенмен денені шынықтыру.

4 . «Секіру және өрмелеу, салауатты өмірге өрлеу»

Шарты: Аналар секіргішпен секіріп жарысу, балалар отырғыш үстімен өрмелеп жарысу.

5 . «Шар үрлеу, нысанаға жету»

Шарты: Балалар стакандарды таратады, аналар шар үрлеп оларды жинайды.

6 . «Кім шапшаң, кім жылдам?»

Шарты: Аналар кругпен допты жинайды, балалар себетке тасиды.

7 . «Кім күшті? Кім мықты?»

Шарты: Екі топтан бел тартысып жарысу.

8. «Қиялмен ойлан, сурет пен сөйле»

Шарты: Логикалық сұрақтарға жауап беру, суретпен салу және оны қорғау.

- Табиғат әлеміне жарық береді, аспанда тұрады, бәріне жылу мен жарық сыйлайдыол не? **(күн)**
- Жерде өседі, түрлі түске боялады, аңқыған жұпар иісі болады, көңіліңе жағымды көңіл күй сыйлайды....ол не? **(гүл)**
- Мұнда бәрі бір-біріне қамқор, бірге өмір сүреді, ана мейірімі бар, әке қорғаны бар, бала жылуы бар. Бұл не? **(отбасы)**
- Ол сөзбен айтылмайды, жүректен беріледі. Адамның бір жақсы қасиеті. Ол ана құшағында, достың көмегінде, ұстаздың ақылында болады. Ол не? **(Мейірім, жылы жүрек, махаббат)**
- Ол баланың мінезін қалыптастырады. Дұрыс жолға жетелейді. Ата-ана мен тәрбиешіден басталады. Ол – **Тәрбие.**
- Дұрыс жолға жетелеуіміз үшін , болашағымыз жарқын болсын десек біз нені тәрбиелеуіміз керек? **(Білімді ұрпақ)**

Күн- отбасыны, тәрбие мен мейірімділікті білдіреді, шуақтары –бақыт, махаббат, мейірім, жылу білдіреді, гүл-өсіп келе жетқан білімді ұрпақ, сол білімді ұрпаққа ата-ана мен тәрбиеші жақсы тәрбие мен білім береді. Осыған байланысты әдемі сурет қып,пейзаж саламыз. Оны қорғаймыз.

Қорытынды:

Жүргізуші: Денсаулықты күтеміз,
Күнде жаттығып секіреміз.
Таза ауада серігіп,
Шымыр болып жетеміз.
Ата ананы тыңдаймыз,
Жақсы жолмен сырғаймыз.
Салауатты өмірмен,
Шынығамыз, шындаймыз- деп бүгінгі шарамызда өз мәресіне жетті.
Жеңімпаздарды анықтау. Марапаттау.



